

ТІЛ ҮЙРЕТУДЕ ҚОЛДАНЫЛАТЫН ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ОЙЫН ТҮРЛЕРІ

Ордабекова Х.А.

филология ғылымдарының кандидаты.

Тілді қай деңгейде үйрету болмасын, озық тәжірибелі инновация түрлері мен әдістері кеңінен қолдануда. Бұл жердегі инновация ұғымын ескірген, ертеректе айтылған ой-пікірлердің жаңаша сипат алуы, жаңа бағытты ұстануы деп түсіну керек. О.Канарскаяның пікірінше, инновациялық оқыту – сабақта тіл үйретудің стилін өзгертудің нәтижесі. Демек, жаңаша оқыту технологиясының негізі – жаңалықтарды қалыптастырып, оны іс жүзінде қолдану.

Тілді оқыту барысында ойын арқылы оқыту модельдерін қолдану, оқу материалдарын ойын құралы ретінде пайдалану, түрлі жарыс-сайыс элементтерін, дебаттарды лингвистикалық ойын негізінде кеңінен жүргізуге болады. Тілдік ойын модельдерін оқу материалдарымен сабақтастырып жүргізу әр оқытушының кәсіби және шығармашылық шеберлігіне байланысты.

Жалпы ойын арқылы оқыту технологиясы дидактикалық, дамытушылық, тәрбиелік мақсаттарды көздейді. Ойын арқылы оқыту барысында пәндік, сюжеттік, рольдік, іскерлік, драмалық, еліктеушілік әдістері кеңінен қолданылады. Тілді үйрету барысында әр студент өзіндік талап-тілегі мен талғамына сүйене отырып, өз ойын, өз пікірін дәйекті түрде жеткізуге тырысады және тілдік шығармашылығын қалыптастырады.



Лингвистикалық ойын сабақ мазмұнына қарай фонетикалық, орфографиялық, орфоэпиялық, лексикалық, лексика-семантикалық, лексика-грамматикалық, грамматикалық ойын ретінде оқытылады. Осы айтылғандармен қатар, тілдік ойын түрлеріне психо-техникалық, рөлдік, іскерлік ойындарды да жатқызуға болады. Енді жекелеген ойын түрлеріне тоқталып өтейік. Фонетикалық, орфографиялық, орфоэпиялық ойын түрлері әліпбиді меңгеруге, сауатты әрі дұрыс жаза білу, әріп – дыбыс сәйкестіктерін ажырату дағдыларын қалыптастырады.


Мәселен, қазақ сөздерінің айтылуы мен жазылуындағы ерекшеліктерді үйрету барысында «Әріп пен дыбыс қайда?» ойыны ұсынылады. Бұл ойынның негізі – тақтаға бірнеше сөздер жазылады, жазылған сөздердің ішінен «ы,і,е» әріптерінің «ұ,ү,ө» болып оқылатын сөздерін табуы тиіс. Кім тез тапса, сол жеңеді. Әліпбиді меңгертуде оқытушы екі топқа бөлінген студенттерге белгілі бір сөздерді айта отырып, сол сөздердің

бірінші не соңғы (екінші, үшінші) әріптерін тез әрі қателеспей дұрыс айтуды тапсырады.

Лексикалық ойындарды жүргізуде әрбір өтілген тақырып бойынша лексика белсенділігін арттыруға, семантикалық белгілеріне қарай сөздерді ажырата білуге, монологтық сөйлеу және сұхбат құра білу дағдыларын қалыптастыруға ден қояды.


Мәсслен, синоним, антоним сөздерді оқыту барысында картон қағаздан дөңгелек және төртбұрышты карточкалар қиып алып, олардың әрқайсысына есім және етістік сөздер жазылады. Дәл осылай қиып алынған карточкаларға есім сөздерге жақын синоним сөздер, мағынасы бір-біріне кереғар сөздер жазылып, екі бөлек қорапшаларға салынады. Студенттер екінші қорапшаға салынған карточкаларды (синонимдік, антонимдік мағынаға ие сөздер) алады. Оқытушы бірінші қорапшадағы карточкаларды ала отырып, ондағы жазылған сөздерді дауыстап оқиды. Студенттердің міндеті – дауыстап айтылған сөздерге синонимдес, антонимдес сөздерді тауып оқуы тиіс. Бұл ойынды кесте түрінде көрсетсек:





Тағы да карточкаларға жазылған тірек сөздер немесе дайын репликалардың көмегімен, белгілі бір суреттерге қарай отырып сұхбат құрау, «Ең қызықты әңгіме» тақырыбында шағын оқиға құрастыру тапсырмалары студенттің тілге деген қызығушылығын оятады сөзсіз.

Психо-техникалық ойын түрлеріне келсек, мұнда көзбен көріп, қолмен ұстап сезінуге болатын зат, нәрселердің қасиетін, ерекшеліктерін сипаттау ұсынылады. Мәселен, «Ақша және оның қызметі» тақырыбында студенттерге ақша туралы, ақшаның қоғамда атқаратын қызметі (құн өлшеуіші, төлем құралы, айналым құралы, тауар және тиын, тенге, банк билеттері қызметтерін атқаруы), нарықтық экономикада ілгері жетектеуші күш екендігі туралы, банкноттарды жасау технологиясы, ақшадағы ұлттық символикаларға (Алтын адам, барыс, еліміздің картасы, бәйтерек, әнұранның нотасы, елтаңба, ту, ұлттық өрнектер) жалпы сипаттама беруде өз ой-пікірін ортаға салу тапсырылады.



Мұндай психо-техникалық ойындар мазмұндауда немесе хабарлауда айтылыстарды көркем түрде бере білу дағдыларын қалыптастыруға, бір грамматикалық құрылыстан екінші грамматикалық құрылысқа өтуде өзіндік септігін тигізеді.

Сонымен қатар түрлі бағытта, түрлі тақырыпта ұсынылатын рөлдік және іскерлік ойындар әр түрлі сұрақ-жауап, репликалар, болжамдар студенттердің тілдік дағдыларын қалыптастыруға, берілген сұрақтарға тез жауап таба білуге, белгілі бір тақырып аясында бірігіп әңгіме құруға, сөйлесуге үйретеді.

Ойын арқылы оқыту технологиясының ерекшелігі - тілдік ойын түрлерін пайдалана отырып, жеке бастың талғамы мен тілегіне сай студенттің шығармашылық қабілетін ұштау.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Әлметова Ә.С. Қазақ тілінен өздік жұмыс түрлерін ұйымдастыру және жүргізу (оқу-әдістемелік құрал). - Алматы, 2004
2. Қалиев Ғ, Болғанбаев Ә. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. - Алматы, 2003
3. Күзекова З.С. Қазақ тілі (практикалық курс). -Алматы, 2003

Резюме

В этой статье рассматриваются виды лингвистических игр применяемых в обучении языку.

Özet

Bu makalede dil eğitiminde kullanılan lengüistik oyun çeşitleri ele alınmıştır.

Resume

This is article has consider linguistik game which to use in learn language.

Тіл- адамның адамдық белгісінің зоры, жұмсайтын қаруының бірі.

Ахмет Байтұрсынов